



Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 20 сәуірдегі N 1555 Жарлығы.

Қазақстан Республикасының конституциялық негіздерінің дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтарын көтермелеу мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығын атап өту құрметіне **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Конституциясына 10 жыл" мерекелік медалі тағайындалсын.
2. Қоса беріліп отырған:
 - 1) "Қазақстан Конституциясына 10 жыл" мерекелік медалі туралы ереже;
 - 2) "Қазақстан Конституциясына 10 жыл" мерекелік медалінің сипаттамасы бекітілсін.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2005 жылғы 20 сәуірдегі
N 1555 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

"Қазақстан Конституциясына 10 жыл" мерекелік медалі туралы ЕРЕЖЕ

1. "Қазақстан Конституциясына 10 жыл" мерекелік медалімен (бұдан әрі - мерекелік медаль) Қазақстанның конституциялық негіздерінің дамуы мен қалыптасуына елеулі үлес қосқан, мемлекет және қоғам қайраткерлері, заңгерлер қатарынан шыққан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары наградталады.

2. Мерекелік медальмен наградтауға ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Президентіне Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының Төрағалары, Үкіметі, Конституциялық Кеңесі, министрліктері, өзге де орталық мемлекеттік органдары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, сондай-ақ қоғамдық ұйымдар енгізеді.

3. Мерекелік медальді Қазақстан Республикасының Президенті тапсырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің атынан және тапсыруы бойынша мерекелік медальді:

- 1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы;
- 2) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері;
- 3) басқа да лауазымды тұлғалар тапсыра алады.

4. Мерекелік медальді тапсыру салтанатты жағдайда жүргізіледі және ол марапатталушының жеке өзіне тапсырылады. Тапсыру алдында Қазақстан Республикасы Президентінің наградтау туралы Жарлығы жария етіледі.

5. Әрбір наградталған адамға мерекелік медаль тапсырумен бір мезгілде тиісті куәлік беріледі.

6. Мерекелік медальдің тапсырылғаны туралы белгіленген нысандағы хаттама толтырылады. Ол награда тапсырған адамның қойған қолымен, тапсыру жүргізген органның мөрімен бекітіліп, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жіберіледі.

7. "Қазақстан Конституциясына 10 жыл" мерекелік медалі сол жақ омырауға тағылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары болған жағдайда олардан кейін орналасады.

8. Жүргізілген наградтаулардың есебін, сондай-ақ мерекелік медальдардың тапсырылу барысы туралы есептілікті Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүргізеді.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2005 жылғы 20 сәуірдегі
N 1555 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

"Қазақстан Конституциясына 10 жыл"

мерекелік медалінің СИПАТТАМАСЫ

"Қазақстан Конституциясына 10 жыл" мерекелік медалі латуннен жасалады, диаметрі 34 мм шеңбер нысанды.

Медальдің бет жағының ортасында, күн бейнесі аясында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген. Шеңберді бойлай отырып, күннің дискі мен күн сәулелері арасында "Қазақстан Конституциясына" деген жазу орналасқан. Мемлекеттік елтаңбаның астында Қазақстан Республикасының Конституциясын бейнелейтін ашулы жатқан кітап бейнеленген, онда "10 жыл" деген жазу бар.

Медальдің сыртқы жағының орта бөлігіндегі жалтырақ бетке, арасы сызықпен бөлініп, екі жолдан тұратын "1995", "2005" жазуы берілген.

Медальдағы бейнелеулер мен жазулардың бәрі де бедерлі, алтын түстес. Медальдің қырлары жақтаушамен көмкерілген.

"Қазақстан Конституциясына 10 жыл" мерекелік медалі құлақша мен шығыршық арқылы, латуннен жасалған, биіктігі 50 мм және ені 34 мм алтыбұрышты нысандағы тағанмен жалғанады. Таған тігінен ені 4 мм, екі шетінен 12 мм ара қашықтықта орналасқан екі ақ жолағы бар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы түстес қатқыл лентамен қапталған. Қатқыл лентаның ені 34 мм, биіктігі 50 мм. Тағанның сырт жағында түйреуіш орналасқан, медаль соның көмегімен киімге қадалады.